

Ағамыз өмірінде мансап пен байлық қуған адам емес еді, жеңгеміз Дина Ибраевна екеуі өмірге үш бала әкеліп қарапайым өмір сүрді.

Қанапия ағамыз адалдық пен әділдікті ту еткен тұлға. Кей кездері отыра қалып, әңгіме арасында кейбір адамдар туралы жағымсыз пікірлер айтылған кезде ағамыз онымен келіспейтін. Ол кісі: «Қандай жаман адам болсын оның бойында ерекше қасиеттер болады, сол қасиеттерді көре білу керек», - деуші еді. Міне, адамгершілік пен әділдік осы емеспе!

Дана жұртымызда: "Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді", - деген ұғым бар. Ағамыздың 80 жылдан астам саналы ғұмырында бірнеше ғылыми еңбектері, қаншама монографиясы жарық көрді. Ағамыздан тәрбие алған жүздеген шәкірттері, сол ғылыми еңбектерді қолдана отырып, ол кісінің жолын әрі қарай жалғастырып жатқанына біз қуанамыз.

Ағамыздың жүріп өткен өмір жолы бәрімізге, әсіресе өсіп келе жатқан жас ұрпаққа үлкен өнеге болу керек.

Бір ғасырда бір туар, жеке дара тұлға ағамыз 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Бұл қайғы бәрімізге оңай болған жоқ, жүрегіміз сыздап, қабырғамыз қайысып қала бердік.

Бұдан былай, Алладан, артында қалған жеңгемізге, тума - туыстарына, ұрпақтарына көздеріне жас, көкіректеріне қайғы бермесін деп тілеймін.

Ардақты ағамыз Қанапия Мүбәрәкұлының жатқан жері жарық, топырағы торқа болып, жолдасы иман болсын. Жаратушы иеміз ағамыздың жанын жәннәтән, тәнін рақаттан, орнын жұмақтан нәсібе етсін.

Ағамыздың жарқын бейнесі мәңгілік жүрегімізде сақталады дей отырып, естелігімді мына бір шұмақпен аяқтағым келіп отыр:

Әр кезде сіз тұрасыз көз алдымда
Алланың жазғаныны шара барма
Әрқашан сізді сағынам
Бақыйлық болған жан ағам!

ЖҮРЕГІМДЕСІҢ, ҚАНАПИЯ!

Тельман Мұқышұлы, Зеренді ауданының және Көкшетау қаласының құрметті азаматы, Қанапияның жан жолдасы

Адам баласында ең жақын жора-жолдас деген көп болмайды. Ал, сол төрт-бес жолдастың ішінде де ерекше бір жақын жолдасың болады. Менің сондай қимас досым Қанапия Мүбәрәкұлы еді. Қанапияны ақтық сапарына шығарып салғанда, зайыбы Дина мен балалары Асқар, Данаға да «жан жолдасымнан айырылып, сендермен бірге мен де енді жетім қалдым» деп айтып едім. Бұл көңілім құлазып тұрып, шын жүректен шыққан сөзім еді.

Жас ұлғайған сайын осындай ауыр жағдай әркімнің де басына жиі келеді екен. Қанапия екеуіміз Алматыда ҚазПИ-де бірге оқыдық. Ректорымыз атақты Мәлік Ғабдуллин ағамыз болды. Біз физика-математика факультетінің студентіміз. Жатақханамыз сол кездегі Карл Маркс пен Комсомол көшелерінің қиылысында. Қанапия мен маған сәтін салып, екі кісілік бөлме бұйырды. Таныса келсем, әскери міндетін де өтеп келіпті әрі партия мүшесі екен. Кейін партия жиналыстарына қатысып, бюро мүшесі болып сайланған кезі де болды. Осының өзі-ақ біз білмейтін жайлардан көп нәрсені біліп жүруімізге мүмкіндік беретін.

Екеуіміз де сол студенттік жылдарымызда шахматтан ҚазПИ-дің чемпионы болдық. Осы спорт түрінен құрамында біздер де бар институт командасы Алматының жоғары оқу орындары арасында бірінші орынды жеңіп алған қуанышты сәт те есімде.

Сонда үшінші тақтада бізбен қатарлас филология факультетінде оқитын Герольд Бельгер ойнады. Кейін бұл досымыздың әйгілі жазушы болғаны дүйім елге белгілі.

Сол жарыста біздер мединституттың құрама командасымен кездескенде, екінші тақтада Қанапияның қарсыласы Қазақстанның белгілі шахматшысы, КСРО спорт шебері Кирилл Сивердебский болды. Ойынымды ертерек бітірген мен жігіттердің жанына келіп, ойындарына көз салып жүрмін. Бұл жолғы кездесудің маңызы өте зор еді. Өйткені, қай команда жеңсе, сол чемпион болатын-ды. Ақыры Қанапия досым атақты қарсыласын оңдыртпай ұтып, бәріміздің қуанышымызда шек болмады.

Бұл жеңісімізге ректорымыз Мәкеңнің өзі қуанып, алғысын жаудырғанының өзі неге тұрады?! Өйткені ол кісі шахмат ойыны десе, ішер асын жерге қоятын. Тіпті қолы бос уақытында жатақхананы аралап, студенттермен шахмат ойнап, көңілімізді бір көтеріп тастайтынын айтсайшы. Қазіргі ректорлар сияқты жанындағы свитасымен жүрмейтін, жалғыз жүретін. Содан бір уақытта біздің бөлмеге келуші еді. Содан шахмат тақтасына отырамыз. Қанапия екеуімізбен шаршы тақтада сайысуға онсыз да алтыннан қымбат бір-екі сағат уақытын қиғанына төбеміз көкке жететін.

Қанапия тек коммунист қана емес, басқа жағынан да қыр-сыры мол жігіт болып шықты. Шопырлыққа оқып, жүргізуші куәлігін алып алған екен. Оның да біраз пайдасын көрдік. Жатақханамыздың қорасында Әбішіп дейтін астрономиядан сабақ беретін мұғаліміміздің үйі болды. Өзінің жаңа «Волга» жеңіл автокөлігі бар, бірақ, жүргізуін білмейді. Ол кезде мұндай көлік Алматыда некен-саяқ. Қанапия осы машинаның руліне ие болып, ағамызды анда-мында тасиды. Бұл көліктің қызығын ара-арасында Шайдолла, Ұғыбай, мен бар, біздер де көрдік. Реті келгенде Қанекен бәрімізді мінгізіп алып, қаланы аралатады. Сөйтіп, біраз «волгалатып» қайтамыз.

Қанапия оқу бітірердің алдында үйленетін болды. Болса-болмасын, мен күйеу жолдасымын. Бойдақ кезімізде көзге түсетін қыздар көп қой. Жан жары Дина Ыбырайқызын алғаш танысқанымызда, мен құлаққағыс етіп едім. Қателескен жоқ екенмін, содан екеуі алпыс жылға жуық тату-тәтті өмір сүрді, тамаша балаларды тәрбиелеп өсіріп, үлкен ұлысты шаңыраққа айналды.

Уақыт зырлап өте берді. Мен болсам оқуымды бір жыл бұрын бітіріп, жолдамамен туған жерім – Көкшетау облысы Зеренді ауданының орталығындағы орта мектепке келіп, жұмысқа орналастым. Шын достар бірін-бірі естен шығармайды ғой. Қанекеннің де мына азаматтығын айтсайшы. Мені аңсап, практикадан өтуге көрікті Көкшенің Зеренді ауданын сұрап алыпты.

Содан екеуіміз сағынышпен қайта табыстық. Ол аудандағы Пухальск орта мектебіне жұмысқа орналасты. Жай практикант емес, кәдімгі мектеп директорының орынбасары лауазымынан бір-ақ шықты. Директордың өзі жасы келіп, жұмыстан азырақ сырғақсыған адам еді. Мектептің бүкіл шаруасы Қанекеннің мойнында. Бірақ, ауыл-үй арасына қара жаяу да емес, астында өзіне беріп қойған мектептің «ИЖ-49» мотоциклы. Әр аптаның аяғында Зерендідегі біздің үйге келеді, дүйсенбі таңертең қайта жұмысына кетеді. Екі күн бойы мәз-мейрам болып, блиц-шахмат ойнап, көңіл көтереміз.

Атам қазақ айтпақшы, қамшының сабындай қысқа ғұмыр зымырап өте шығады екен. Қанекен бар саналы ғұмырын кеншілер қаласы – Қарағандыда универсиетте жастарға дәріс оқумен өткізді. Ғылым жолында ізденіс танытып, осы саладағы барлық дерлік атақтарға қол жеткізді. Әуелі ғылым кандидаты, одан доктор, профессор, ең соңында академик атанып, небір биіктен көрінді. Бірақ, қандай атақ-дәрежені иеленсе де, Қанапия мен үшін баяғы сол студент кезімдегі алғаш көрген, төрт жылымды бірге өткізген Қанапия болып қала береді. Күні кешеге дейін аптасына кем дегенде бір-екі рет телефон арқылы бір-біріміздің амандығымызды біліп, сөйлесіп тұрушы едік.

Көптеген мерейтойларымыз, отбасымыздың қуаныштары бірге өтті. Жаз туса, биыл қай жерде дем аламыз деп алдын-ала жоспарлап қоюшы едік. Сонау Қарқаралыда, Баянауылда, Мойылдыда, Оқжетпес пен Зерендіде, Сабындыкөл мен Жидебайда бірге өткізген күндеріміз естен кетпейді.

Қанапия ағайын-туыстарының арасында да өте сыйлы, қадірлі болды. Бұл кісінің арқасында Павлодар облысы Май ауданының жастары жоғары оқу орындарын бітіріп, бір-бір мамандық алды. Ал ет жақын ағайын-туыстарының балалары Қарағандыда оқуларын осы Қанапия мен Динаның үйінде тұрып оқыды.

Исі қазаққа кеңінен танымал, атақты ғалымдарымыз Жабайхан мен Мейірхан Әбділдиндер Қанапияға туыс болып келетіндіктен, ол кісілермен де жақсы жолдас болып кеттік. Жабайхан ағамыз менің 70 жылдық мерейтойымда Қанапия екеуіміздің жолдастарымызға да көңіл бөліп, үлкен мән беріп еді. Өйткені, Қанапияға ағайын болған соң мені де студент кезімізден білетін.

Құдайға шүкір, Қанекен өмірден өткенімен, артында өсіп-өнген ұрпағы қалды. Ұғыбай деген жолдасымыз екеуіміз Қанапияны соңғы сапарға шығарып салғаннан кейін сол үйде бірге қонып, жата-жастана көп әңгімелестік.

–Қанапияға Алла орынды жұмақтан бұйыртатын шығар, – деп еді сонда Ұғыбай. – Өйткені, ешкімге жамандық ойламаушы еді ғой.

Иә, расында да солай. Мен осы өмірімде Қанапия туралы бір ауыз жаман сөз айтқан кісіні мүлде көрмеппін. Ондайды естімеппін де. Қанапиям дегенде бұл жазғанымнан асырып енді не дейін. Жан досымның алды жарық, иманы жолдас болсын. Жан жары Динаға амандық тілеймін. Балаларына, үрім-бұтағына әкелерінің, аталарының абыройлы жолын берсін.

ЕСТЕН КЕТПЕС ҚАНАПИЯ ДОСЫМ!

Бектурсунов Ұғыбай, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

*Алаулап атқан таңдармен
Келмейді ау қайтіп бала кез.*

Мен ол кезде 20 жасқа толмаған кезім .

ҚазПИдің физика-математика факультетінің 2- курсына оқимын. Қасымда досым (физик) Тельман Мукушов. Көкшетаудан, шахматист.

Бір күні Телекен қасында орта бойлы, қара торы әдемі жігіті бар, келіп тұр. Мынауың кім дедім. Күлді. Сұрай келе, білсем. Ол армиядан келіп, физика бөліміне түскен 1-курс студенті- Арынғазин Қанапия. Өзі- партия мүшесі, армияда жүргенде оқып алған шопырлық правосы бар және шахмат ойнауды жақсы көреді. Менде оның бірі жоқ.

Не керек үшеуіміз дос болып кеттік. Сабаққа барып келгеннен кейін, бірімізді біріміз іздейтін болдық. Бірге жүреміз. Қыздарға қараймыз. Байқаймын, Қанапияға қыздар көбірек қарайды. Әдемі ғой. Соның айғағы мына суретті қосып жіберіп отырмын

Ол заманда (елуінші жылдар) студенттер тек стипендиямен ғана күн көреді. Жатақханада тұрады. Біздің общежитиеміз-Комсомол көшесі, 35 үй. Қазіргі Төлеби көшесімен Қонаев көшесінің бұрышы, екі қабатты үй. Менікі екінші этаж 64-бөлме. Қанапия мен Тельман бірінші этаж 8- бөлме. Тамақты асханадан ішеміз, кейде бөлмемізде шай ішеміз. Жейтініміз нан, батон өте дәмді, майымыз-маргарин.

Кейде келесі стипендияға дейін ақшамыз жетпей қалады. Ашпыз. Институттың асханасында Дора дейтін әдемі орыс әйелі істейді, біздерді жақсы біледі, ылғый бірге жүреміз ғой, содан тегін тойып тамақ ішіп кетеміз.

Қайта-қайта бара беруге болмайды. Ұят қой. Әдетіміз (күнде) тәнертең тұрып, жуынып, таранып, әдемі киініп, үшеуіміздің де қара шалбарымыз (ол кезде модно) бар. Жатақхананың ауласында тұрамыз. Қанапия-Коля, Тельман-Телеке, мен-Ұғеке. Телекен шашын сулап, тарап, кері қайырып қояды, как адмирал Нельсон.

Қасымыздан топ-топ шұбырып қыздар өтіп жатады. Тұсымыздан өте бере жүрістерін жылдамдатып кетеді. Біз сынап тұрмыз ғой. Оны олар сезеді.